–Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «30» сәуірдегі №50
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Боранқұл» командасы» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Сағидуллин Нұрбол Нәбиұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 30 шағын аудан, 181 үй, 125 пәтер. Байланыс телефоны: 8702 965 65 96

4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): «Жастар арасында әзіл-ысқақ ойындарын ұйымдастыру», «Жайдарман» жобасы

5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: «30» сәуір 2024 жыл және «29» қараша 2024 жыл аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 11 050 000 (он бір миллион елу мың) теңге

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

**1-міндет. Өңірдің барлық мектептері, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарынан және ассамблея жанынан кемінде 1 жайдарман тобын құру**

**1-іс-шара. Өңірдегі барлық оқу орындарына танымал жайдарманшылармен бірге жайдарман ойындарының маңызы жөнінде кешенді ақпараттық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру**

«Боранқұл» командасы» қоғамдық қоры жайдарман ойындарының маңызын түсіндіру мақсатында танымал жайдарманшылар «Боранқұл» жайдарман тобының ойыншылары Сағидуллин Нұрбол, Базарбай Бауыржан, Жігер Алпамыс және «Апорт» жобының ойыншысы Нұрғалиев Өмірбекпен бірге өңірдегі мектептер, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарында кешенді ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Түсіндіру жұмыстары барысында жайдарман ойындарының маңызы, оқу орны жанынан жасақталған командаларды республикалық сайыстарға жіберу және 2025 жылғы маусымда ішкі чемпионатты өткізу бойынша ұсыныстар айтылды. айтылды. Нәтижесінде бірқатар білім ордаларынан жаңа жайдарман топтарын құру жұмыстары бастау алды.

**2-іс-шара. Өңірдің барлық мектептері, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарынан және ассамблея жанынан кемінде 1 жайдарман тобын құру**

Оқу орындарына танымал жайдарманшылармен бірге жайдарман ойындарының маңызы жөнінде кешенді ақпараттық түсіндіру жұмыстары нәтижесінде өңірдің барлық оқу орындарында жайдарман топтары құрылды.

**3-іс-шара. Өңірдің оқу орындарында жайдарман ойындарынан ішкі чемпионаттар ұйымдастыру**

Ағымдағы жылдың 5 қараша күні Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде «Қазақстанның болашағы – жалынды жастар» атты жайдарман сайыстары өтті.

Сайысқа 8 команда қатысып, «Сәлемдесу» кезеңімен өнер көрсетті. Барлық командалар сайысқа жоғары дайындықпен келгендерін көрсете отырып, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Командалар өнеріне ардагер жайдарманшылар Бозаев Берген, Сенбай Ерлан, Оңдасынова Жанар, Наурызбай Арман және аудандық мәдениет үйінің директоры Мұраталиев Дастан қазылық етті.

Сонымен қатар, Қарақия кәсіптік колледжі басшылығының ұйымдастыруымен 8 қараша күні колледж ішкі чемпионаты ұйымдастырылды.

Сайысқа 8 команда қатысып, «Сәлемдесу» кезеңімен өнер көрсетті. Командалар өнеріне колледждің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кенғараев Ербол, ардагер жайдарманшылар Балтабайұлы Серік, Жолым Әбубәкір, аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Оразбек Әлібек қазылық етті. Нәтижесінде «Айжанның балалары» жайдарман тобы жеңімпаз атанса, ІІ және ІІІ орынды «Чупа чупс», «Феникс» командалары өзара бөлісті.

**2-міндет. <u>«Маусымашар – 2024» фестивалін ұйымдастыру</u>**

**1-іс-шара. Әлеуметтік желі арқылы немесе фестиваль барысында командаларды маусымға тіркеу жұмыстарын жүргізу**

Жоба аясында, 03-10 мамыр аралығында «Маусымашар – 2024» фестиваліне командаларды тіркеу жұмыстары ұйымдастырылды. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жайдарман ойындарының бастау алғандығы жөнінде ақпараттық материалдар орналастырылып, мекемелер мен ұйымдарға, білім ордалары мен өзге де ұйымдарға шақырту хаттары жөнелтілді. Сонымен қатар, командалар қоғамдық қордың әлеуметтік желі парақшаларындағы БИО-да орналастырылған арнайы сілтемеге өту арқылы тіркелді. Тіркелу бетшесінде команданың атауы, оның құрамы мен оқу орны (еркін құрама) сынды мәліметтер көрсетілді. Нәтижесінде «Маусымашар – 2024» фестиваліне 56 команда тіркеуден өтті.

**2-іс-шара. Маусымға тіркелген командалар арасында редакторлық жұмыстар жүргізу**

Командалар үшін 10-12 мамыр күндері Ақтау қаласы, 5 шағын аудан, М.Өскінбаев ат. облыстық филармония залында маусымға тіркелген командалар арасында редакторлық жұмыстары жүргізілді. Арнайы құрылған редакторлар алқасы құрамына «Мұнай тамшылары» жайдарман тобының мүшесі, ардагер жайдарманшы Ерлан Жолдасұлы, «Боранқұл» командасы» қоғамдық қорының директоры, ардагер жайдарманшы Нұрбол Сағидуллин, «Боранқұл» жайдарман тобының мүшесі, ардагер жайдаманшы Нұртай Қоңыратбаев кірді. Аталған редакторлық құрам тіркелген командалардың сценарийлерін тексерумен, оларды өңдеумен айналысты. Нәтижесінде, редакторлар алқасының шешімімен 12 команда «Жоғары лигаға», 12 команда «Премьер лигаға» және 13 команда «Маусымашар-2024» фестивалінде өнер көрсетуге жолдама алды. Тіркеуден және редакторлық жұмыстан өткен барлық командаларға қор атынан имиджік өнімдер (пакет, блокнот, қалам, сертификат және бокал) таратылды.

**3-іс-шара. Ардагер жайдарманшылармен жас жайдарманшыларға «Сахна мәдениеті және актер шеберлік» тақырыбында шеберлік сағатын өткізу**

Ағымдағы жылдың 12 мамыр күні Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Боранқұл» командасы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен жас жайдарманшыларға арналған шеберлік сағаты өткізілді.

Аталған шеберлік сағатында ардагер жайдарманшылар Сағидуллин Нұрбол және Туляков Ерлан Маңғыстау облыстық чемпионатына қатысуға өтінім берген командаларға «Сахна мәдениеті және актер шеберлік» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді.

Шара барысында жайдарманшылар жайдарман ойындары бойынша өз сұрақтарына жауап алды. Қатысушы саны -100.

**4-іс-шара. «Маусымашар – 2024» гала концертін ұйымдастыру**

«Маусымашар-2024» фестивалі 2024 жылдың 13 мамыр күні Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінде өтті. Фестивалді тамашалауға 607 көрермен жиналды.

Фестивальде редакторлық жұмыстардың нәтижесінде үздік атанған 13 команда өнер көрсетті.

Фестиваль жөніндегі барлық ақпараттар Instagram әлеуметтік желісіндегі @jaidarman12 парақшасында жарияланды.

Сонымен қатар, «Маусымашар-2024» фестивалының толық нұсқасы «BORANQUL QURAMASY» YouTube арнасында (https://www.youtube.com/watch?v=HOLS-3OmVHg ) 23 шілде күні жарияланды. Бейнекөрсетілім 7 611 қаралым жинады.

**3-міндет. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионатын» (Жоғары, Премьер лига) ұйымдастыру. Маңғыстау облысының әзіл-сықақ ойындарының кемінде 2 лигасы, әр лига бойынша барлығы 3 ойынын ұйымдастыру**

**1-іс-шара. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Жоғары лига, 1/4 ширек финал.**

2024 жылдың 4 қазан күні Абай ат. мәдени демалыс кешенінде Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Жоғары лига» сайыстары бойынша жайдарман ойынының 1/4 ширек финалдық сайысы өтті.

Ширек финалдық бәсекеде «Маусымашар-2024» фестивалінің қорытындысы бойынша «Жоғары лига» сайыстарына жолдама алған 9 команда өнер көрсетті.

Командалар 3 топқа бөлініп, «Сәлемдесу» туры бойынша сынға түсті.

Командалар өнеріне ардагер жайдарманшылар Сағынтаев Дәулет, Шөгелов Ерлан, Бектұрған Мәтжан, «Мисс Ақтау – 2024» сұлулық байқауының жеңімпазы Ақтаева Мерей және әлеуметтік кәсіпкер Рамазан Бибігүл қазылық етті.

Қазылар алқасының шешіміне сәйкес «А» тобы бойынша ақтаулық «Фараби құрамасы» мен Қарақалпақстан Республикасынан келген «Алмаз» командасы, «Б» тобы бойынша ақтаулық «Инсайд» және жаңаөзендік «Не хабар - Көркем Әлем» командасы, «С» тобы бойынша Мұнайлы ауданынан келген еркін құрама «Татьяна» және жаңаөзендік «Теңге құрамасы» жартылай финалдық бәсекеге тікелей жолдама алды. Көрермен саны – 600 астам.

Одан бөлек, қазылар алқасы Қызылсай ауылынан келген «Қылықты қыздар» тобына да жартылай финалдық бәсекеде өнер көрсетуге мүмкіндік алды.

**2-іс-шара. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Жоғары лига, 1/2 жартылай финал.**

2024 жылдың 4 қараша күні Абай ат. мәдени демалыс кешенінде Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Жоғары лига» сайыстары бойынша жайдарман ойынының 1/2 жартылай финалдық сайысы өтті.

Жартылай финалдық бәсекеде ширек финалдық финалдық бәсекеден сүрінбей өткен 7 команда өнер көрсетті.

Командалар «Сәлемдесу және жұлдызбен көрініс» туры бойынша сынға түсті.

Аталған командалар өнеріне ардагер жайдарманшылар Бердіғұлов Ерлан, Шөгелов Ерлан, Сәулебай Тұрар, блогер Аманқосова Салтанат және әлеуметтік кәсіпкер Рамазан Бибігүл қазылық етті.

Әзілге толы кеште қазылар алқасының шешіміне сәйкес жаңаөзендік «Теңге құрамасы», Мұнайлы ауданынан келген еркін құрама «Татьяна» командасы және Маңғыстаудың абыройын Республикалық «Жоғары лига» сайыстарында қорғап жүрген «Не хабар – Көркем Әлем» командасы финалдық бәсекеге тікелей жолдама алды. Көрермен саны – 600 астам.

Алайда, тәжірибелі «Татьяна» командасы жомарттық танытып өз жолдамасын сайыс қорытындысы бойынша 4-5 орын қатар бөліскен «Алмаз» және «Қылықты қыздар» командасына сыйлады.

**3-іс-шара. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Жоғары лига, финал.**

2024 жылдың 27 қараша күні Абай ат. мәдени демалыс кешенінде Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Жоғары лига» сайыстары бойынша жайдарман ойынының финалдық бәсекесі өтті.

Финалдық бәсекеде ширек финалдық финалдық бәсекеден сүрінбей өткен 7 команда өнер көрсетті.

Ақтық бәсекеде командалар «Сәлемдесу», «Жамбы ату» және «Үй тапсырмасы» сайыстары бойынша сынға түсті..

Аталған командалар өнеріне ардагер жайдарманшылар Сағынтаев Дәулет, Әлқуат Насухаұлы, танымал кәсіпкер Айса Данияр, «Каспий» футзал клубының капитаны Қарақұлов Ерлан және бірнеше YouTube бағдарламалардың продюсері, маркетолог Бектұрған Мәтжан қазылық етті.

Әзілге толы кеште қазылар алқасының шешіміне сәйкес «Жоғары лига» сайыстарының жеңімпазы жаңаөзендік «Не хабар – Көркем әлем» командасы атанды. Жүлделі 2 орынды Қызылсай ауылының «Қылықты қыздары» мен Қарақалпақстан Республикасының «Алмаз» командалары өзара бөліссе, «Теңге құрамасы» 3 орынды иеленді. Көрермен саны – 600 астам.

Жеңімпаз командалар арнайы кубок, медальдар және барлығы 750 000 теңге көлемінде қаржылай сыйлықпен марапатталды.

**4-іс-шара. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Премьер лига, 1/4 ширек финал.**

2024 жылдың 14 қараша күні М.Өскінбаев ат. облыстық филармонияда Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Премьер лига» сайыстары бойынша жайдарман ойынының 1/4 ширек финалдық сайысы өтті.

Ширек финалдық бәсекеде «Маусымашар-2024» фестивалінің қорытындысы бойынша «Жоғары лига» сайыстарына жолдама алған 12 команда өнер көрсетті.

Командалар 2 топқа бөлініп, «Сәлемдесу» туры бойынша сынға түсті.

Командалар өнеріне ардагер жайдарманшы Бердіғұлов Ерлан, жас әншілер ALHAM және Баймұратұлы Сұңғат, блогер Хожахметова Жазира мен кәсіпкер Смағзамов Мақсат қазылық етті.

Қазылар алқасының шешіміне сәйкес «А» тобы бойынша Таушық ауылының «Мышық ауылы» командасы, ақтаулық командалар «КТЛ құрамасы», «Ути Пути», «НИШ құрамасы», «Б» тобы бойынша ақтаулық «Алаш медиа» және жалындаған «Мәмпаси» командасы, Мұнайлы ауданынан келген «13 мектеп» және түпқарағандық «Нуриктің қыздары» командасы жартылай финалдық бәсекеге тікелей жолдама алды.

**5-іс-шара. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Премьер лига, 1/2 жартылай финал.**

2024 жылдың 24 қараша күні М.Өскінбаев ат. облыстық филармонияда Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Премьер лига» сайыстары бойынша жайдарман ойынының 1/2 жартылай финалдық сайысы өтті.

Жартылай финалдық бәсекеде ширек финалдық финалдық бәсекеден сүрінбей өткен 8 команда 2 топқа («А» және «Б») бөлініп, «Сәлемдесу» сайысы бойынша өнер көрсетті.

Командалар өнеріне ардагер жайдарманшылар Бозаев Берген, Сенбай Ерлан, Сәулебай Тұрар, Базарбай Бауыржан және жас әнші Аяпова Асылтас қазылық етті.

Қазылар алқасының шешіміне сәйкес «А» тобы бойынша Таушық ауылының «Мышық ауылы» командасы, ақтаулық командалар «КТЛ құрамасы», түпқарағандық «Нуриктің қыздары» командасы, «Б» тобы бойынша ақтаулық драйвқа толы «Мәмпаси» командасы, Мұнайлы ауданынан келген «13 мектеп» және ақтаулық «НИШ құрамасы» командасы финалдық бәсекеге тікелей жолдама алды.

**6-іс-шара. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Премьер лига, финал.**

2024 жылдың 30 қараша күні М.Өскінбаев ат. облыстық филармонияда Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Премьер лига» сайыстары бойынша жайдарман ойынының финалдық бәсекесі өтті.

Финалдық бәсекеде маусым бойы жоғары деңгейде өнер көрсеткен «Нуриктің қыздары», «13 мектеп», «Мышық ауылы», «КТЛ құрамасы», «НИШ құрамасы» және «Мәмпәси» командалары өнер көрсетті.

Аталған командалар өнеріне ардагер жайдарманшылар Кенжекен Болат, Сәулебай Тұрар, Жоғары лига чемпионы Сидагалиев Айвар, әнші Аяпова Асылтас және Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бас маманы Белек Дәулет қазылық етті.

Ақтық бәсекеде командалар «Сәлемдесу» және «Үй тапсырмасы» сайыстары бойынша сынға түсті.

Әзілге толы кеште қазылар алқасының шешіміне сәйкес «Жоғары лига» сайыстарының жеңімпазы Түпқараған ауданынынан келген «Мышық ауылы» командасы атанып, 2025 жылы Астана қаласында өтетін «Jaidarman Kids» жобасына жолдама алды. Жүлделі 2 орынды Шетпе ауылының «Мәмпаси» командасы иеленсе,  ақтаулық «КТЛ құрамасы» командасы қола жүлдегер атанды.

Жеңімпаз командалар арнайы кубок, медальдар және барлығы 450 000 теңге көлемінде қаржылай сыйлықпен марапатталды.

**4-міндет. «Stand Up Маңғыстау» жобасы аясында жас стандаперлар кешін ұйымдастыру**

**1-іс-шара. «Ашық микрафон» жобасы**

Ағымдағы жылдың 10 қыркүйек күні Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Marine Club» лаундж барында «Ашық микрафон» жобасы алғашқы шарасы өтті. Шара «Stand Up Маңғыстау» жобасына резиденттер анықтау және стэндаперлер клубын құру мақсатында ұйымдастырылды.

Жобаның алғашқы шарасына қатысуға 10 стэндапер өтінім берді. Аталған стэндаперлер өнеріне Сағидуллин Нұрбол, Байдулла Нұрғали, Қоңыратбаев Нұртай, Сәулебай Тұрар, Базарбай Бауыржан қазылық етті.

Жобаның 2 шарасы 2024 жылдың 12 қазан күні «Жастар үйі» ғимаратында өтті. Шараға 18 стэндаперлер қатысып өз өнерлерін көрсетті.

Жобаның 3 шарасы 2024 жылдың 11 қараша күні «Жастар үйі» ғимаратында өтті. Шараға 13 стэндаперлер қатысып өз өнерлерін көрсетті. Көрермен саны – 170.

Жоғарыда көрсетілген 3 шараның нәтижесінде 10 стэндапер «Stand Up Маңғыстау» жобасында өнер көрсетуге мүмкіндік алды.

**2-іс-шара. «Stand Up Маңғыстау» жобасын ұйымдастыру**

Ағымдағы жылдың 30 қараша күні қыркүйек күні М.Өскінбаев ат. облыстық филармонияда Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Stand Up Маңғыстау» жобасы өтті.

Аталған жобаға «Ашық микрафон» жобасының нәтижесінде іріктелген 10 стэндапер қатысты.

Сонымен қатар жобада жайдарман ойындары бойынша Республикалық «Жоғары лига» сайыстарының 2019 жылғы чемпионы, Ақтөбелік «Фемида» командасының ойыншысы Есмырзаев Азамат қонақта ретінде өнер көрсетті. Көрермен саны – 170.

**3-іс-шара. «Стандаперлер клубын» құру**

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған «Ашық микрафон» жобасы нәтижесінде өңірімізде алғаш рет қазақ тілді «Стэндаперлер клубы» құрылды. Құрамы 20 стэндаперден тұрады.

**5-міндет. <u>Қор инновациясы ретінде Батыс аймақтық командалары арасында «NOMAD» лигасын ұйымдастыру</u>**

**1-іс-шара. Батыс аймақтық командалары арасында «NOMAD» лигасының финалын өткізу**

**2-іс-шара. Батыс аймақтық командалары арасында «NOMAD» лигасының 1/4, 1/2 ойындарын өткізу**

Батыс аймақтық командалары арасында «NOMAD» лигасының 1/4, 1/2 ойындары сәйкесінде Батыс Қазақстан облысы және Атырау облысында ұйымдастырылды.

Батыс аймақтық командалары арасында «NOMAD» лигасының 1/4 ширек финалдық сайысы ағымдағы жылдың 17 қыркүйек күні Батыс Қазақстан облысы, ҚазИТУ оқу орнының акт залында өтті. Сайысқа Республикалық «Маусымашар 2024» фестивалінің нәтижесінде аталған лигаға жолдама алған 12 команда «Сәлемдесу» сайысы бойынша сынға түсті.

Командалар өнеріне ардагер жайдарманшылар Ақболат Өтебай, Марс Жайлауов, Самат Қабдиев, Елжан Халиуллин және Азамат Аленов қазылық етті.

Қазылар алқасының шешіміне сәйкес 8 команда жартылай финалға жолдама алды.

Батыс аймақтық командалары арасында «NOMAD» лигасының 1/2 жартылай финалдық сайысы ағымдағы жылдың 10 қазан күні Атырау қаласы, Құрманғазы атындағы мәдениет үйінде өтті. Сайысқа 1/4 ширек финалдық сайыстан сүрінбей өткен 8 команда «Сәлемдесу» және «Жамбы ату» сайысы бойынша сынға түсті.

Командалар өнеріне ардагер жайдарманшылар Сакупов Ернар, Қуаныш Кеңес, Дамир Мурзагереев, әнші Бейбіт Кушкалиев және кәсіпкер Амандықов Ералы қазылық етті.

Қазылар алқасының шешіміне сәйкес 4 команда финалға жолдама алды.

**6-міндет. <u>Елімізге танымал және жергілікті жайдарманшылардың қатысуымен жас жайдарманшыларға арналған шеберлік сағаты өткізу</u>**

**1-іс-шара. Елімізге танымал және жергілікті жайдарманшылардың қатысуымен жас жайдарманшыларға арналған шеберлік сағатын өткізу**

Ағымдағы жылдың 23 қараша күні Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Боранқұл» командасы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен жас жайдарманшыларға арналған шеберлік сағаты өткізілді.

Аталған шеберлік сағатында ардагер жайдарманшылар Базарбай Бауыржан, Бозаев Берген «Премьер лига» сайыстарына қатысушы жас жайдарманшыларға сахна мәдениеті, әзіл шығару және импровизация тақырыбында сөз қозғады.

Шара барысында жайдарманшылар жайдарман ойындары бойынша өз сұрақтарына жауап алды.

Кезекті шеберлік сағаты 2024 жылдың 10 желтоқсан күні М. Тынышбаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжінде өтті. Шараға жайдарман ойыншыларына қызығушылығы бар студент жастар қатысты.

Аталған шеберлік сағатында ардагер жайдарманшы, автор, «Боранқұл» командасы» қоғамдық қорының директоры Сағидуллин Нұрбол Нәбиұлы жас жайдарманшыларға сахна мәдениеті, әзіл шығару және импровизация тақырыбында сөз қозғады. Шара соңында жастар жайдарман ойындары бойынша өз сұрақтарына жауап алды.

**7-міндет. <u>Маңғыстау облысында 20 жайдарман тобын құру</u>**

**1-іс-шара. Маңғыстау облысында 20 жайдарман тобын құру**

Оқу орындарына танымал жайдарманшылармен бірге жайдарман ойындарының маңызы жөнінде кешенді ақпараттық түсіндіру жұмыстары нәтижесінде өңірдің барлық оқу орындарында жайдарман топтары құрылды. Барлығы 67 команда. Соның ішінде 20 команда осы маусымда жасақталған жаңа жайдарман топтары.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Жастарды әлеуметтендіру үлесін арттыру мақсатында жастар әзіл-сықақ ойындарын ұйымдастыру арқылы тікелей кемінде 2 500 жастың қатысуын қамтамасыз ету (жанама 10 000 қамту) |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | 1) Өңірдің барлық мектептері, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарынан және ассамблея жанынан кемінде 1 жайдарман тобы жасақталды;<br>2) «Маусымашар – 2024» фестивалі ұйымдастырылды.<br>3) Өңірде жастар арасында мемлекеттік тілді насихаттау және жастардың шығармашылығын дамыту мақсатында Жайдарман ойындарынан «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» (Жоғары және Премер лига) ұйымдастырылды.<br>4) «Stand Up Маңғыстау» жобасы аясында жас стандаперлардың кеші ұйымдастырылды;<br>5) Қор инновациясы ретінде Батыс аймақтық командалары арасында «NOMAD» лигасын ұйымдастыру Батыс аймақтық командалары арасында «NOMAD» лигасы ұйымдастырылды.<br>6) Елімізге танымал жайдарманшылар қатысуымен жас жайдарманшыларға арналған 2 шеберлік сағаты өткізілді; |

| **Міндет** | **Міндет шеңберіндегі іс-шаралар** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылардың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| Өңірдің барлық мектептері, кәсіптік білім | Өңірдегі барлық оқу орындарына | 9 желтоқсан 2024 жыл | 4 жайдарманш | Жайдарман ойындарының маңызы жөнінде | Контент жоспар | 1 | 1 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарынан және ассамблея жанынан кемінде<br>1 жайдарман тобын құру | танымал жайдарманшылармен бірге жайдарман ойындарының маңызы жөнінде кешенді ақпараттық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру | Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі, Маңғыстау туризм колледжі, №13 жалпы білім беру мектебі<br><br>10 желтоқсан 2024 жыл Қарақия кәсіптік колледжі, М.Тынышбаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі<br><br>11 желтоқсан 2024 жыл Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі, Н. Бекбосынов атындағы Маңғыстау | ы, 167 қатысушы | кешенді ақпараттық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша 1 контент жоспар жасақталды. Контент жоспар бойынша өткізілген кездесулер туралы әлеуметтік желіге 5 пост жарияланды. Аталған ақпараттық түсіндіру шараларын 4 танылмал жайдарманшы өткізді. Ақпараттық түсіндіру шараларының 7 бағдарламасы жасақталып, қортындысы бойынша 7 есебі жинақталды. Әр кездесу бойынша 7 қатысушылар тізімі жасақталды. Барлығы 167 қатысушыны | Әлеуметтік желіге посттар<br><br>Ақпараттық түсіндіру шаралары<br><br>Танымал жайдарманшылар тізімі (олар туралы ақпарат, түйіндеме)<br><br>Бағдарлама<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Фото<br><br>Жолданатын хаттар<br><br>Қамту | 5<br><br>Кемінде 7<br><br>Кемінде 2<br><br>Кемінде 7<br><br>Кемінде 1 (әр шара бойынша)<br><br>3 (әр шара бойынша)<br><br>Кемінде 7<br><br>Өңірдегі барлық | 5<br><br>Кемінде 7<br><br>4<br><br>Кемінде 7<br><br>Кемінде 1 (әр шара бойынша)<br><br>3 (әр шара бойынша)<br><br>9<br><br>Өңірдегі барлық | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | энергетикалық колледжі, Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі | | құрады. Әр шара бойынша 3, барлығы 21 фото дайындалып, 9 оқу орнына хат жолданды. Білім басқармасынан өңірдегі барлық оқу орындарын қамтылғандығы жөнінде растау құжаты алынды. | | оқу орындары | оқу орындары | |
| | Өңірдің барлық мектептері, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарынан және ассамблея жанынан кемінде 1 жайдарман тобын құру | Мамыр-Қараша 2024 жыл<br><br>Маңғыстау облысы | 56 команда, 1365 ойыншы | Өңірдің барлық мектептері, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарынан және ассамблея жанынан жайдарман топтары құрылды. Барлығы 56 команданы құрады. Құрылған жайдарман топтары жөнінде білім басқармасынан растау құжаты алынды. | Өңірдің барлық мектептері, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарынан және ассамблея жанынан құрылған топ (растаушы құжаттар) | Кемінде 1 | Кемінде 1 | |
| | Өңірдің оқу орындарында жайдарман ойындарынан | 5 қараша 2024 жыл, Маңғыстау ауданы, | 105 ойыншы, 220 көрермен | Өңірдің оқу орындарында жайдарман ойындарынан ішкі | Әлеуметтік желіге пост<br><br>Фото | Кемінде 1 | Кемінде 1 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ішкі чемпионаттар ұйымдастыру | Аудандық мәдениет үйі<br><br>5 қараша 2024 жыл, Қарақия кәсіптік колледжі | | чемпионаттар ұйымдастыру бойынша әлеуметтік желіге 1 пост жарияланып, өткізілген әр ойын бойынша (2 ойын) 5 фотодан (барлығы 10 фото) дайындалды. Сонымен қатар, аталған шара туралы 1 бейнеролик түсіріліп, монтаждалған бейнеролик @jaidarman12 инстаграм парақшасында жарияланды. Шараның өткізілгендігі жөнінде 1 хаттама жасақталды және шкі чемпионаттар өткен оқу орындарының 1 тізімі мен 1 ішкі чемпионаттар графигі дайындалды. | Бейнеролик<br><br>Хаттама<br><br>Ішкі чемпионаттар өткен оқу орындарының тізімі<br><br>Ішкі чемпионаттар графигі | 5 (әр ойын бойынша) Кемінде 2<br><br>1 (әр ойын бойынша)<br><br>1<br><br>1<br><br>1 | 5 (әр ойын бойынша) Кемінде 2<br><br>1 (әр ойын бойынша)<br><br>1<br><br>1<br><br>1 | |
| «Маусымашар – 2024» | Әлеуметтік желі арқылы | 12 мамыр 2024 жыл, | 400 | «Маусымашар – 2024» фестивалін | Әлеуметтік желіге пост | 2 | 2 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| фестивалін ұйымдастыру | немесе фестиваль барысында командаларды маусымға тіркеу жұмыстарын жүргізу | Ақтау қаласы, М.Өскінбаев атындағы облыстық филармония | | ұйымдастыру бойынша командаларды маусымға тіркеу жұмыстарын жүргізілді. Тіркеу жұмыстары барысында @jaidarman12 инстаграм парақшасына 2 пост және 1 тіркелу видеоролигі жарияланды. Нәтижесінде «Маусымашар – 2024» фестиваліне 52 команда тіркеліп, оның 21-не шақырту хаты жолданды. | Маусымашарға тіркелу видеоролигі<br><br>Командаларды шақырту хаты<br><br>Тіркелген командалар құжаты *(тіркеу бетшесі)* | 1<br><br>20<br><br>50 | 1<br><br>20<br><br>50 | |
| | Маусымға тіркелген командалар арасында редакторлық жұмыстар жүргізу | 12 мамыр 2024 жыл, Ақтау қаласы, М.Өскінбаев атындағы облыстық филармония | 400 | Маусымға тіркелген командалар арасында редакторлық жұмыстар жүргізу үшін 3 редакторлар алқасының тізімі жасақталды. Редакторлар бекітілген маусымашар | Редакторлар алқасы (тізім)<br><br>Гала концертке іріктелген командалар<br><br>Редакторлардың хаттамасы<br><br>Имидждік өнім | 1 (3 редактор бір тізімде)<br><br>12<br><br>2<br><br>100 | 1 (3 редактор бір тізімде)<br><br>13<br><br>2<br><br>100 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бағдарламасына сәйкес редакторлық жұмыстарды жүргізді. Әзіл сапасы, деңгейі, жайдарманшылардың тәжірибелеріне қарай лигаларға (Жоғары 12 команда және Премьер 12 команда) жолдама берілді. Жолдама арнайы жасақталған 2 үлгідегі сертификатпен расталады. Сонымен қатар, редакторлық жұмыстар мен іріктеуден сәтті өткен командалар Гала концертте өнер көрсуге мүмкіндік алды. Аталған командаларға редакторлардың 2 хаттамасының негізінде жолдама берілді. Одан бөлек | Маусымашар бағдарламасы<br><br>Баннер<br><br>Әлеуметтік желіге пост<br><br>Бейнеролик<br><br>Сертификат | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1 | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>2 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | командаларға «Маусымашар – 2024» фестивалінің имиджтік 100 өнімі таратылды. Редакторлық жұмыстар өтетін орынға 1 баннер қойылды. Редакторлық жұмыстар жөнінде @jaidarman12 инстаграм парақшасына 1 пост және 1 бейнеролик жарияланды. | | | | |
| | Ардагер жайдарманшылармен жас жайдарманшыларға «Сахна мәдениеті және актер шеберлік» тақырыбында шеберлік сағатын өткізу | 12 мамыр 2024 жыл, Ақтау қаласы, М.Өскінбаев атындағы облыстық филармония | 110 | Жас жайдарманшыларға «Сахна мәдениеті және актер шеберлік» тақырыбында шеберлік сағаты өтті. Шеберлік сағатына 2 тренер шақыртылып, 110 қатысушы қатысты. Әлеуметтік желіге шеберлік сағаты туралы @jaidarman12 | Шеберлік сағат<br>Бағдарлама<br>Тренер (түйіндеме)<br>Қатысушылар тізімі<br>Әлеуметтік желіге пост<br>Бейнеролик<br>Фото | 1<br>1<br>2<br>100<br>1<br>1<br>5 | 1<br>1<br>2<br>100<br>1<br>1<br>5 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | инстаграм парақшасына 1 пост және 1 бейнеролик жарияланып, 5 фото әзірленді. | | | | |
| | «Маусымашар – 2024» гала концертін ұйымдастыру | 12 мамыр 2024 жыл, Ақтау қаласы, Абай атындағы мәдени демалыс кешені | 700 | «Маусымашар – 2024» гала концертінің арнайы бағдарламасы жасақталды. Гала концертке 13 команда қатысты. Гала концертті ұйымдастыру мақсатында сахнаға 1 баннер ілініп, LED экранға 3 фото ұсынылды. Гала концерт бойынша 10 фото, 1 бейнеролик әзірленіп, @jaidarman12 инстаграм парақшасына 4 пост жарияланды. Гала концертті 607 көрермен тамашалады. | Бағдарлама<br><br>Қатысушы командалар құрамы (аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы)<br><br>Әлеуметтік желіге пост<br><br>Баннер<br><br>LED экран<br><br>Бейнеролик<br><br>Фото<br><br>Көрермендер саны | 1<br><br>12<br><br>2<br><br>1<br><br>3<br><br>1<br><br>10<br><br>607 | 1<br><br>13<br><br>4<br><br>1<br><br>3<br><br>1<br><br>10<br><br>607 | |
| «Маңғыстау облыстық ашық чемпионатын» | «Маңғыстау облыстық ашық | 7 қазан 2024 жыл, Ақтау қаласы, Абай | 607 көрермен, 80 | «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты», | Әлеуметтік желіге посттар | 3 | 5 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| (Жоғары, Премьер лига) ұйымдастыру. Маңғыстау облысының әзіл-сықақ ойындарының кемінде 2 лигасы, әр лига бойынша барлығы 3 ойынын ұйымдастыру | чемпионаты» - Жоғары лига, 1/4 ширек финал. | атындағы мәдени демалыс кешені | жайдарманшы | Жоғары лига ойындарының 1/4 ширек финалдық бәсекесі бойынша әлеуметтік желіге 5 пост жарияланды. Аталған бәсекеге 9 команда қатысты. Оның ішінде 8 командаға шақырту хаты жолданды. Ширек финалдық бәсекені ұйымдастыру мақсатында сахнаға 1 баннер ілініп, LED экранға арнайы жасақталған 4 фото ұсынылды. Ойынға 5 қазылар алқасы төрелік етті. Қазылар алқасының бағалауына (бағалау бетшесі) байланысты 7 команда 1/2 жартылай финалға жолдама алды. 1 қатысушы командалар тізімі | Командаларды шақырту хаты<br><br>Баннер / LED экран<br><br>Қазылар алқасы<br><br>Хаттама<br><br>Бағдарлама (реттілік, командалар тізімі)<br><br>Бейнеролик<br><br>Алғыс хат<br><br>Фото<br><br>Көрермендер саны | 8<br><br>1/ 1<br><br>5<br><br>1<br><br>1<br><br>1 Youtube сілтеме<br><br>1 үлгі<br><br>10<br><br>607 | 8<br><br>1/ 4<br><br>5<br><br>1<br><br>1<br><br>1 Youtube сілтеме<br><br>1 үлгі<br><br>10<br><br>607 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жасақталды. Ойын арнайы видеоға түсіріліп, монтаждалған бейнеролик YouTube платформасының «BORANQUL KOMANDASY» парақшасында жарияланды. Ойын бойынша 1 алғыс хат (диплом), 10 фото әзірленді. Ширек финалдық бәсекені 607 көрермен тамашалады. | | | | |
